



ПРИОЗЕРСКИЙ

№ 11/551

16 марта 2018 года

газета издается с 26.06.2004 года

Вестник

НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН ! С ПРАЗДНИКОМ НАУРЫЗ !

**Құрметті әріптестер,
қала тұрғындары және қонақтар!**

Сіздерді Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймыз!
Бұл – біздің төл мерекеміз. Сондықтан бұл мереке – біздің халқымыз үшін ерекше қымбат. Наурыз мерекесінің қадір – қасиетін айтқанда, ол – ең алдымен ұлттық салт – дәстүрді сақтауға, ағайынның ауызбірлігіне қызмет етеді.

Халқымыз айрықша көңіл бөліп, құрмет тұтқан бұл мейрам қашан да жаңару мен ізгіліктің, ынтымақ пен берекенің жаршысы болған. Көктемнің осынау жайма шуақ күнінде адамдардың өзгеге өкпелерін ұмытып, татулықтың шамын жағуы қалыпты дәстүрге айналған.

Құрметті жерлестер!

Біз бақытты елде өмір сүріп жатырмыз. Бірлігі жарасқан туған Отанымыздың әр күні тарихи табыстармен аталып өтуде.

Сол үлкен шаңыраққа бір-бір уық болып қадалған – халықтар достығы жасай берсін!

Ежелден жаңару мен жасампаздықтың бастауы, ырыс пен берекенің арқауы болған Әз-Наурыз қажырлы еңбектеріңізге толағай табыстар әкелсін.

Ел тыныш, туған жер аман болсын. Мереке қарсаңында сіздерге зор денсаулық, қажымас қайрат, сарқылмас бақыт, шаңырақтарыңызға ынтымақ пен береке тілейміз.

Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын. Мереке қуаныш пен жақсылығын ала келсін!

Ізгі тілекпен,

Қала әкімі
Мәслихат хатшысы

Қ.Камзин
Б.Сәрсембеков

**Уважаемые коллеги,
жители и гости города!**

С чувством особой радости и пожеланиями всех благ поздравляем Вас с замечательным праздником – Наурыз мейрамы.

Наурыз — праздник весеннего обновления! Пусть этот день, станет предвестником великих начинаний, посвященных дальнейшему развитию и процветанию Казахстана.

Испокон веков этот праздник олицетворяет собой непрерывную связь времен и поколений, дружбу и согласие, является любимым праздником весны и обновления, труда и созидания, любви и красоты. Именно эти непреходящие ценности лежат в основе процветания нашей страны и ее столицы.

Дорогие земляки!

Еще раз от души поздравляем со светлым праздником Весны!

Желаем, чтобы он через вековые традиции, освященные мудростью наших предков, принес в Ваш дом здоровье, любовь и благополучие!

Сердечно поздравляем Вас с этим знаменательным событием и желаем удачи во всех начинаниях, исполнения самых сокровенных желаний!

Пусть Наурыз приносит мир и спокойствие,

благополучие и процветание в каждый дом!

Су уважением,

Аким города
Секретарь маслихата

Қ.Камзин
Б.Сәрсембеков



НАУРЫЗ КЕЛДІ

Далада қарлар кеткенде,
Ару-Күн нұрын төккенде,
Жаңбырын бұлттар сепкенде:
Жаңғыртып мынау ғаламды,
Жайнатып жерім, даламды,
Сағынтып жетті көктем де.

Жырадан сулар тасқанда,
Қызғалдақ қауыз ашқанда,
Жанданып бақта талдар да:
Сағыныш үндер үзіліп,
Келеді көштей тізіліп,
Тыраулап тырна аспанда.

Жауқазын, шөптер тамырлап,
Төрт төлік марғау – мамырлап,
Төскейде жатыр дамылдап:
Аймалап Наурыз самалы,
Жанымды тербеп барады,
Әсем ән мен күй... сан ырғақ.

Әлемге тарап барады үн,
Шықпенен су боп жанарым,
Қыркаға шығып қарадым:
Өзіме ыстық мекенім,
Мақтаныш сені егемін,
Арналар саған бар әнім!..

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ

ЕЛБАСЫНЫҢ БЕС ӘЛЕУМЕТТІК БАСТАМАЛАРЫ ТУРАЛЫ ШҚІРЛЕР ОТЗЫВЫ О ПЯТИ СОЦИАЛЬНЫХ ИНИЦИАТИВ ПРЕЗИДЕНТА

Көктемнің алғашқы шуақты күнінде Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» атты халыққа үндеуі жарияланды. Бұл үндеуде Елбасының халқы үшін жасалып жатқан ерекше қамқорлығын аңғаруға болады. Атап айтсам, әрбір отбасына баспана алудың жаңа мүмкіндіктерін беру, жалақысы төмен жұмысшылардың еңбекқисысын көбейту үшін олардың салық жүктемесін азайту, жоғары білім алудың қолжетімділігі мен сапасын арттырып, студент жастардың жатақханадағы жағдайын жақсарту, шағын несие көлемін көбейту, сондай-ақ елді газбен қамтамасыз ету ісін жалғастыру жөніндегі бастамалар қамтылған.

Нұрсұлтан Назарбаев жаңа әлеуметтік бастамалар қоғамымыздың әлеуметтік бірлігін нығайтуға және әрбір қазақстандықтың әл-ауқатын ары қарай жақсартуға түсуге бағытталғанын атап өтті.

«Біз бүгін әлеуметтік жаңғыру жолында жаңа, ауқымды қадам жасауға дайынбыз» - деп Ел Президенті нық сенім білдіріп, халықты ауызбіршілікті жұмыла жұмыс атқаруға шақырды. Бұл – елдің игілігіне арналған ұтымды, сонымен қатар оптимистік жоба. Өркендеген

Қазақстан – бұл, ең алдымен, мемлекеті өзін қорғап, қолдайтынын, қамқорлық жасайтынын сезінетін, тиісінше елін жан жүрегімен сүйетін, патриоттық танытатын өздеріне сенімді адамдардың мекені деп санаймын, – деп Қазақстан Президенті халыққа ұлтжандылық сөздерін жолдады.

Қай істе де болмасын Президентті қолдаймыз, болашақтағы жарқын игі істерге еш кедергісіз қол жеткізетінімізге сенеміз!

**А.С. Ермағамбетова,
Приозерск қаласының № 2 ЖОББМ**

2018 жылдың 5 наурыз күні Ел Президенті Н.Ә.Назарбаев парламенттің қос палатасы мен Үкімет мүшелерін жинап, Қазақстандықтар алдында бес маңызды әлеуметтік ұсыныс жасағанын бәріміз де естіп, білдік. Ол «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» деп аталады. Бағдарлама халықтың әлеуметтік әлеуетін көтеруге басымдық беріп отыр.

– Біз бүгін әлеуметтік жаңғыру жолында жаңа, ауқымды қадам жасауға дайынбыз. Бұл – елдің игілігіне арналған ұтымды, сонымен қатар, оптимистік жо-

ба. Өркендеген Қазақстан – бұл, ең алдымен, мемлекеті өзін қорғап, қолдайтынын, қамқорлық жасайтынын сезінетін, тиісінше елін жан жүрегімен сүйетін, патриоттық танытатын өздеріне сенімді адамдардың мекені деп санаймын – деді Қазақстан Президенті

Сондай-ақ, Елбасы өзінің үндеуінде жаңа әлеуметтік бастамалар қоғамымыздың әлеуметтік бірлігін нығайтуға және әрбір қазақстандықтың әл-ауқатын әрі қарай жақсартуға түсуге бағытталғанын атап өтті.

**П.С. Кенжебекова,
Қалалық кітапхананың директоры**

Елбасы жариялаған халықтың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған бастамалар бүкіл қазақстандықтардың тарапынан оң бағаға ие болды. Президентіміз әлеуметтік жаңғыртуға бағытталған бес бастаманы белгіледі. Олардың қатарында баспана алудың жаңа мүмкіндіктері, жалақысы төмен жұмысшылардың салық жүктемесін азайту, жоғары білім алудың қолжетімділігі мен сапасын арттыру, шағын несие беруді көбейту, елді газбен қамтамасыз ету мәселелері

бар. Бұл бастамалар халықтың жүрегінен орын тауып, біздің қоғамымызды нығайта түсіретініне сенімдімін.

**Е.Н.Бекмурзин
«ҚР АШМ АӨК МИК Приозерск қалалық аумақтық инспекциясы» ММ басшысы**

Озвученные Президентом Республики Казахстан Н.Назарбаевым инициативы, направлены на улучшение благосостояния народа. Президент уделяет особое внимание удовлетворению основных потребностей народа, таких как жилье, высшее образование, повышение заработной платы и улучшение удобств нуждающихся. Согласно данным инициативам казахстанцы получают новую возможность планировать будущее.

**Кусаинова З.Т.
Главный специалист –
государственный инспектор по карантину растений ГУ
«Приозерская ГТИ КГИ в АПК
МСХ РК»**

ПОДДЕРЖИВАЯ ПОСЛАНИЕ ПРЕЗИДЕНТА СТРАНЫ

ПОСЛАНИЕ ГЛАВЫ ГОСУДАРСТВА – ИМПУЛЬС
ДЛЯ ДАЛЬНЕЙШЕГО РАЗВИТИЯ НАШЕЙ СТРАНЫ

Ежегодное Послание Президента РК народу Казахстана – одно из самых значимых политических событий страны. В сложившихся условиях продолжающегося глобального экономического кризиса данное Послание особенно своевременно и актуально.

Каждое новое обращение Президента страны своему народу ожидается и давно уже стало этапным рубежом развития нашего государства и стратегически важным документом. Нынешнее Послание посвящено развитию страны в условиях четвертой промышленной револю-

ции.

В нем глава государства акцентировал внимание на 10 приоритетных направлениях развития страны в 2018 году. Президент уделил большое внимание внедрению новых технологий в промышленность, аграрную индустрию, строительство и коммунальный сектор. Президент не обошел вниманием вопросы образования и медицины. Говоря о новом качестве образования, Нурсултан Назарбаев отметил, что для создания собственной передовой системы образования потребуется пересмотреть подходы к обучению и росту квалификации педагогов.

Одной из важных задач была и остается борьба с коррупцией. В стране ведется большая работа в этом направлении на всех уровнях государственного аппарата. Также Президент акцентировал внимание на эффективности государственного управления. Он отметил, что необходимо продолжить работу по улучшению качества государственных услуг.

Кроме того, в послании говорится о внедрении эффективного управления городской средой на основе концепции smart-city. В ближайшем будущем умные города станут локомотивами регионального раз-

вития, распространения инноваций и повышения качества жизни на всей территории страны.

Послание Президента определяет для каждого гражданина и для страны в целом новые пути и возможности преодоления глобальных вызовов. И у нас нет никаких сомнений в том, что под руководством главы государства будут успешно реализованы все приоритетные задачи развития страны на предстоящие годы.

Т.Д. Манаков,
руководитель Приозерского
городского управления
казначейства

НАУРЫЗДЫ ЖАҢАША ТОЙЛАЙМЫЗ

70 жыл бойы өз дегенімен жүргізген кеңестік жүйе КСРО құрамындағы дерлік барлық Республикаларды ашса – алақынында, жұмса – жұлдырығында ұстауға тырысканы және бұл әрекетінің көп жерлерде өз «жемісін» бергені де рас. Кеңестік дәуірдің теперішін көбірек көрген әсіресе кеңестік Қазақстан екені де жасырын емес. Ең әуелі ана тілімізді құртуға тырысып баққан қызыл империя салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрпымызды да ақсатып бақты. Соның ең үлкені Наурыз мерекесін жоюы. Сондай-ақ наурыздың басталуымен жанасатын халқымызға тән талай құндылықтарымызды ұмытқанымыз жасырын емес. Жалпы қазақ халқында, соның ішінде батыс өңірде, Өзбекстанға қарасты Тауелібай аймағында сол қылышынан қан тамған кеңестік кезеңде де Наурызды ішінара тойлау үзіліп қалмағанын біз өзіміз жақсы білеміз.

Үш ай тоқсанның өтуімен бірге қазақ «Амал айы» кіретінін әлі күнге білмейтіндер бар арамызда. Амалдың кіруімен қатар енетін ұтырлы күндер болатынын біз бала кезімізден ата-әжелерімізден естіп өскендіктен, құлағымызда қалғанын жария етпекпіз. Яғни, тоқсан шыға салысымен «Аямкемпір кіреді». Оны аталарымыз «Аямкемпір алты күн, аязымен жеті күн, Ақпан, Токпанымен (Аямкемпірдің балалары) тоғыз күн» деп 5-наурызда шығатын тоқсанды 14-наурызға тірейтін де, сол күні тойланатын «Көрісу мейрамына» әкеліп жеткізетін. Көрісу мейрамы күнінде халық қыстан аман-есен шыққанына қуанып, бір-

көрісіп шығады. Бір-біріне «Бір жасыңмен!» деп құттықтап, мәре-сәре болып жатады. Ол «Бір жасқа есеюіңмен! Осы жылға аман-есен жетуіңмен!» дегенді білдіреді. Содан кейін әр отбасы көршілерімен көріседі. Жасы кіші отбасы мүшелері жасы үлкен жанұяларға кіріп, көрісіп шығады. Міндетті түрде әр адам үш үйдің есігін ашу керек, яғни түске дейін үш үйге кіріп, көрісіп үлгеруі тиіс. Кішкентай балаларға аналары шағын қалташа ұстағып қояды. Бала қай үйге көрісуге кірсе, сол үйдің дастарқанынан ауыз тиіп, бауырсақ, тәттілерден қалташасына салып алады. Қазақ қашанда дастарқанын айрықша қастерлеген. Бұл жоралғы жыл бойы балаларымыз тоқ жүрсін, дастарқанымыз аралас болсын, қарым-қатынасымызға сызат түспесін деген ниеттен туған. Біреуге реніші бар адамдар бұл күні өкпесін ұмытып, ренжіскен адамына кіріп көріседі. Сөйтіп, арадағы

іспетті. Әр үйдің үлкендері оянып, дастарқанын толтырып, көрісіп шығатын балашағаны күтіп отырады. 14-наурыз күні күн шыққанда есігі ішінен құлыптаулы тұрған үй болмайды. Бәрінің есігі ашық, үйі жинаулы, дастарқаны мол болып тұруы керек. Шаттық пен қуанышқа, ақ бата мен молшылыққа толы бұл мерекеле мәре-сәре болған жұрт осы қарқынмен Жаңа Жылы – 21 наурыз мерекесін қарсы алады...

Наурыз – шығыс елдерінің бүкілхалықтық мейрамы, Ұлыстың ұлы күні. Наурыз шығыс халықтарында жыл басы мерекесі ретінде тойланып, ерекше күн ретінде аталып өтіледі. Қазақ халқы да Наурыз мерекесін айрықша



суық қарым-қатынастың жібі үзіліп, көрісу күні адамдар бір-бірімен қайта табысады. Көрісу күні кіріп-шықпаған жасы кіші туған-туысқан, көрші-қолаңға жасы үлкендер «Көрісіп шықпады» деп ренжиді. Сондықтан, бұл күні әр адам мүмкіндігі болса, бүкіл ауылдың табалдырығын аттап шығуға тырысады.

Бүгінгі күні Қазақстанның батыс аймағына берік орныққан бұл дәстүр жыл сайын жергілікті халық сағына күтетін бірден-бір салт болып отыр. Бұл күні бауырсақ, тәттілерді оқушылар мен мұғалімдер мектепке де апар береді. Көрісіп болған әр адамға тамақ үйлестіріліп, «Бір жасыңмен!» деген тілек айтылады. 14-наурыз күні басталатын Көрісу мейрамы жыл бойы жалғасын табады. Көрісуде ауылда болмай, ауылға енді келген адамды көрген кезде, амандық-саулықтан кейін «Бір жасыңмен!» деп қол алысуымыз керек. Таң лебі білінетін таң атысымен қазанда бұрқырап пісіп жатқан бауырсақтың иісі Көрісу күнінің белгісі

бағалап, оны жыл сайын тойлап отыруды салт-дәстүрге айландырған. Шығыстың данышпандары Махмұд Қашқари, Омар Хаямнан бастап қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаев, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұв, Сәкен Сейфуллин сынды ұлт қайраткерлері де Наурыз туралы еңбектер, өлеңдер, асыл сөздер жазып қалдырған. Бабалардан жалғасқан ұлы мейрамды дәріптейтін өлең-жырларды кеңестік кезеңде де қаламынан тыс қалдырмаған, сол дәуірде ғұмыр кешкен ақындар М.Мақатаев, Ө.Қожамұратов секілді ақындардың шығармаларынан жақсы білеміз. Наурыз шығыс елдері үшін бірліктің, татулықтың, еңбектің, ізгіліктің, бақыттың мерекесі ретінде тойланған. Сондықтан да болар, бұл күні шаттанбайтын, қуанбайтын, мейірленбейтін адам болмаған. Бұл күні жақсы тілек тілеу, құттықтау, кешірім жасау, табысу сияқты адамгершілік қасиеттер көрініс тауып, кейінгі ұрпақтар сондай жақсы өнегеден үлгі алған. Наурыздың айрықша тәлім-тәр-

биелік, үлгі-өнегелік, сән-салтанаттық, мәрт-жомарттық, қадір-қасиеттілік нышан белгілері мен таным ұғымдарының үлгі түрлері өте көп. Оның барлығы әр адамды жоғары саналылыққа, әдептілікке, өнегелікке, бауырмалдыққа, көргенділікке, ізгілік пен білімділікке баурайды. Наурыз мерекесін асыға күтетініміз, ерекше даярланатынымыз содан болса керек. Наурыз мерекесіне тән – көпшілікке наурыз көже даярланады, ол тағам жеті түрлі дәмнен пісірілуі шарт. Халықта наурыз көжені тойып ішкен адам келесі жылға дейін ішім-жемнен тарлық көрмейді деген ұғым бар. Үй иесі үлкен кісілерден наурыз көжеге бата сұрайды. Ол кісілер:

**«Пәле-жала жерге енсің!
Төрт түлік ақты болсын!
Өрісің малға, үйің жанға толсын!
Ақ мол болсын!»** деп бата беріледі.

Қазақстанда Наурыз мейрамының өмірімізге қайта келуіне сол кездегі қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібеков бастаған бір топ ұлт жанашырларының қосқан үлесі мол. Ұлттық мерекесіне шөліркеп қалған халқымыз бұл бастаманы бірден қолдап әкетті. Соның әсерінен еліміздің солтүстік, шығыс және орталық өңірлеріндегі суық ауа-райына қарамастан жаппай киіз үйлер, шатырлар тігіліп, қазан-қазан көже асылып, палау пісіріліп, оған қала, аудандардағы барлық мекеме, ұжымдарды қатысуға міндеттеп, ысырапкершілікке бой алдыруға да жеткен едік. Жалпы бұл мейрамды асырасілтеушілікке жеткізудің жөні жоқ еді. Осындай кемшіл тұстарын ескерген қала әкімдігі биылғы Наурыз мейрамын шағын, ыңғайлы, мекемелер мен ұжымдардың өнерлерін көрсетуіне мүмкіндік беріп, қала тұрғындарының және мекемелер мен ұжымдар қызметкерлерінің мейлінше еркін демалуына жағдай жасалынып өткізілуіне мән беріліп ұйымдастыруға әрекет етуде. Ата дәстүрді заманға лайқтап, бекер шығын мен ысырапкершілікке жол берілмей өтетін той-мерекелердің кезі келгенін мойындауға тиіспіз.

Наурыз мейрамы құтты болсын! Ақ мол болсын, Наурыз оң болсын, халайық хәм газет оқырмандары!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
ҚР журналистер Одағының мүшесі, ақын.



бірімен қол алысады. Таң сібірлеп атысымен, көрісу мерекесін асыға күтіп отырған әрбір отбасы алдын-ала дайындалып қойған дастарқанын жаяды. Міндетті түрде бауырсақ пісіріп, дастарқанға тәтті-паттісімен қосып үйіп қояды. Отбасының кішілері үлкендеріне қос қолын беріп,

2017 ЖЫЛЫ ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕНІН ДАМУ ТУРАЛЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАР ЖӘНЕ 2018 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН НЕГІЗГІ ИНДИКАТИВТІК КӨРСЕТКІШТЕРГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ МІНДЕТТЕРІ

Қазіргі таңда Приозерск қаласы бойынша ауыл шаруашылығы өндірісінде 1 заңды тұлға - «Гранд Құрылыс» ЖШС, 2 шаруа қожалығы - «Әлімжан» және «Ата-Кәсіп», сонымен қатар тұрғындардың 83 үй шаруашылықтары жұмыс істейді.

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемі – 132,4 млн. теңге немесе жоспарға 114,5 % (115,6 млн.теңге) құрады және 2016 жылдың кезеңімен салыстырғанда 114,7 % құрады (115,4 млн.теңге).

2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру келесідей:

- тірі салмақтағы мал және құстың еті - 56,7 тонна немесе 2016 жылғы тиісті кезеңімен салыстырғанда 115,7% құрады;

- өндірілген сүт көлемі- 521,6 тонна немесе 2016 жылғы тиісті кезеңге қарсы 84,1% (620,1 тонна) құрады;

- жұмыртқаларды өндіру көлемі - 131,4 мың дана немесе 2016 жылғы тиісті кезеңге 91,8% (143,2 мың дана).

Сүт пен жұмыртқаларды өндірудің төмендеу себебі - «Құлагер» ЖШС-нің 2017 жылдың басында жабылу және ауыл шаруашылық малдарын сатумен байланысты, бұл шаруа қожалықтарында малдың жалпы санының азаюына әсер етті.

2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша мал және құстың саны 3 348 басты

құрады немесе 2017 жылдың сәйкес кезеңдегі 112,8% құрады (3 074 бас).

2018 жылдың 1 қаңтардағы жағдай бойынша мал басының асыл тұқымды түрленуіне 201 аналық мал басы қатысады, яғни 40% (503 бас).

Приозерск қаласының аумағында индикативтік көрсеткіштерге жету үшін, сондай-ақ Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытуға 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасының аясында екінші бағыт бойынша ауыл шаруашылығын дамыту үшін 5 жоба жалпы 24,4 млн. теңге төмендетілген пайыздық мөлшерлеме несиелер алды.

2018 жылға «Приозерск» агроөнеркәсіптік кооперативі үшін «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ арқылы несиелер бөлу жоспарланып отыр.

2018 жылға жалпы ауыл шаруашылығы өнім көлемі 136,3 млн. теңге немесе 2017 жылмен салыстырғанда 101,9%, оның ішінде: өсімдік шаруашылығы 27,5 млн. теңге, мал шаруашылығы өнімдері 108,8 млн. теңге жоспарланып отыр.

А. Жүсіпов,
Приозерск қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы

БОРЬБА С КОРРУПЦИЕЙ – НАШ ОБЩИЙ ДОЛГ

Коррупция - явление столь же древнее, как и человеческая цивилизация. Менялись эпохи, возникали и исчезали государства, приходили и уходили правители, а коррупция оставалась как негативное по своей сути, многоликое, чрезвычайно живучее явление реальной жизни.

Коррупция может быть отнесена к одному из самых опасных и всепроникающих социальных негативных явлений, представляющих угрозу национальной безопасности, ее пагубное воздействие ощущается в любой стране, независимо от государственного устройства и традиций. Полностью искоренить коррупцию не удалось ни одному государству, но снижение порога коррупционности общества возможно.

На протяжении последних лет противодействию коррупции в Казахстане уделяется большое внимание на всех уровнях государственного управления. Цель борьбы и предотвращения коррупции закреплена в многочисленных документах о государственной политике, в том числе в ежегодных посланиях Президента. В Приозерском городском управлении казначейства также ведется работа согласно утвержденному Плану мероприятий по противодействию коррупции Департамента казначейства по Карагандинской области Комитета казначейства Министерства финансов Республики Казахстан. В управлении функционирует телефон доверия. С работниками управления на регулярной основе проводятся занятия по изучению антикоррупционного законодательства.

На мой взгляд, еще более эффективным средством против коррупции является авто-

матизация государственных услуг и исключение человеческого фактора из процесса принятия решений. Это сразу снижает саму возможность возникновения коррупции. И по мере развития электронного правительства в Казахстане ситуация улучшается. В рамках совершенствования Казначейской системы в Стратегическом плане Министерства финансов было предусмотрено и успешно реализовано внедрение электронного документооборота с государственными учреждениями посредством информационной системы «Казначейство-Клиент». Это позволило ускорить процедуры предоставления услуг государственным органам, а также свести к нулю все возможные предпосылки для проявления каких-либо коррупционных факторов.

Вместе с тем борьба с коррупцией должна вестись не только карательными методами, необходима информационно-воспитательная работа среди населения, направленная на пропаганду правового воспитания и неприятие различных форм коррупционных деяний.

Каждый человек должен осознавать, что борьба с коррупцией – не только прерогатива государства, но и гражданский долг каждого здравомыслящего, дееспособного члена общества. Только объединив усилия, мы, казахстанцы, можем победить социальное зло - коррупцию.

З. Дүйсенова,
заместитель руководителя Приозерского городского управления казначейства

ҮШ ТҰҒЫРЛЫ ТІЛ – ТІРЕГІМ

Тіл — қай ұлттың болмасын тарихы мен тағдыры, тәлімі мен тәрбиесінің негізі, қатынас құралы. Жаһандану заманында әлеуметтік өркендеу салалары бойынша ғаламдық ақпараттар мен инновациялардың ағымына ілесу үшін де көптілі менгеру қажеттілігі туындап отыр. Қазіргі таңда әлемнің алпауыт мемлекеттері көп тілді, әсіресе халықаралық тілдерді менгеруді маңызды міндет деп санайды.

Тәуелсіздік алғаннан бергі уақытта біздің елімізде де тіл саясаты мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тікелей басшылығымен салықалы да сындарлы түрде жүзеге асырылуда. Елбасы жыл сайынғы Қазақстан халқына жолдауларында тіл саясатына, оның ішінде қоғамдағы мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру мәселесіне тоқталмай өткен емес. Ағымдағы жылдың 10 қаңтарындағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты кезекті жолдауында да ол «Адами капитал – жаңғыру негізі» міндетінде «Қазақстандықтардың болашағы – қазақ, орыс және ағылшын тілдерін еркін менгеруінде, біздің барлық

жайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнында мектепке дейінгі жастағы балаларға тілді менгерту жұмыстары төмендегідей негізгі педагогикалық шарттар арқылы жүзеге асырылады. Ең алдымен тілді үйренуге деген ынта-ықыласты ояту. Бұл шартты жүзеге асыруда тілді үйренуге қажетті құралдардың барлығы қолданылып, ұйымдастырылған оқу қызметі құрылымына балаларды сабаққа тарту жаттығулары, ойындар, жұмбақ, тақпақтар, әндер, қойылымдар, мультфильм, ертегі кейіпкерлері енгізіледі. Осы әдіс-тәсілдер арқылы сайыс-сабақ, саяхат-сабақ, ойын-сабақ, зияткерлік ойын сабағы, танымдық сағат және т.б. формадағы сабақ түрлері ұйымдастырылады. Екінші шарт бала мен педагог арасындағы өзара бірлескен іс-әрекетті үш тілдік жүйеде жүзеге асыру болып табылады. Мұнда педагогтар баланың диалог жүргізуге деген сенімділігін арттырады. Ол үшін педагог өзі рөлге ене отырып, балалардың бар білімдерін қолданып, емің-еркін тілдік қатынас жасауына жағдай жасайды. Мысалы, модельдеу, пиктограмма, суретпен жұмысты қолданады. Үшінші шарт: бала, педагог, ата-ана арасындағы үйлесімді байланысты орнату. Балалардың күнделікті не үйренгіндігі жайлы ата-ана хабардар болуы тиіс (үйренген сөз, тақпақтар, ән жазылған қағазды қабылдау бөлмесіндегі арнайы қалташаларға салып қою немесе әлеуметтік желіде құрылған ата-аналар тобына жазу арқылы т.с.с). Ата-ана тарапынан үйде баланың білімін пысықтауы көп көмегін тигізеді. Балалардың үйренгендері мен білгендері қорытылып, нәтижесі балабақшадағы ертеңгіліктер мен мерекелерде, ата-аналармен бірлескен қойылымдарда көрініс табады. Соңғы шарт - балалардың білім деңгейін бақылау мен бағалау. Әр ұйымдастырылған оқу қызметінің соңында, белгілі бір уақыт аралығында, тарауды қорытындылау барысында немесе оқу жылының аяғында рефлексия, диагностика, мониторинг жүргізу негізінде жүзеге асады. Осы тұста балаларды мақтау, мадақтау, ынталандыру назардан тыс қалған емес.

Мектепке дейінгі жас шет тілін оқытуға өте қолайлы кезең, себебі бұл жастағы балалар тілдік құбылысты қабылдау қабілеттілігімен ерекшеленеді: оларда өзінің сөйлеу тәжірибесін, тіл «құпияларын» зерттеу қызығушылығы пайда болады. Олар лезде берілген материалды оңай меңгеріп алады. Жекелеген сөздер мен сөйлем үлгілерін үйреніп қана қоймай, пікірін айта білуге машықтанады. Бұл дағдылар күнделікті ұйымдастырылған оқу қызметтерінде, орыс тілі мен ағылшын тілі сабақтарында қалыптасады. Орыс

тілі екінші кіші «Достық» және ортаңғы «Айгөлек» топтарында аптасына бір рет, ал ағылшын тілі «Тіл патшалығы» вариативтік компоненті негізінде «Айгөлек» ортаңғы тобында аптасына бір рет оқытылады. Сонымен қатар, бөбекжайда «Тілшар» шығармашылық тобы жұмыс жасайды. Тілдің негізгі құндылықтарын менгерген, ана тілінде және өзге тілде әлеуметтік мәдени қарым - қатынасқа дайын, көпмәдениетті тұлға тәрбиелеуді мақсат тұтқан бұл топ үнемі педагогикалық ізденіс үстінде. Шығармашылық топтың ұйымдастырылуымен желтоқсан айында «Айгөлек» тобының бүлдіршіндері «Шалқан» ертегісінің негізгі элементтерін үш тілде сахналап, актерлік шеберліктерімен де көрермендерді сүйсітті. Бұл шығармашылық топ бөбекжай тәрбиеленушілеріне көптілділікті менгертумен қатар, педагогтардың да білімдерін жетілдіруге ықпал етіп келеді. Атап айтар болсақ, «Үштілділік - заман сұранысы», «Балабақшадағы ағылшын тілін театрлық қойылымдар арқылы дамыту», «Үштілді білім беру арқылы құзыретті тұлғаны қалыптастыру» тақырыптарындағы түрлі іс-шаралар өткізілді. Ағымдағы оқу жылының қазан айынан бастап бөбекжай басшысының ұсынысымен тәрбиешілерге аптасына бір рет ағылшын тілі курсы ұйымдастырылды. Осы курс нәтижесін саралау мақсатында қаңтар айында тәрбиешілер арасында «Тіл білгірі» сайысы өткізілді. Бұл сайыста тәрбиешілер үш ай бойы ағылшын тілінен алған білімдерін ортаға салды. Сайыс жеңімпаздары арнайы дипломдармен марапатталды.

Ақпан айының соңында үштілділікті оқыту бойынша «Инновациялық технологиялар жәрмеңкесі» ұйымдастырылмақшы, бұл шараға әр педагог қызу дайындық үстінде. Сондай-ақ, осы оқу жылында бөбекжайда жоспарланған ең ауқымды шара «Мектеп жасына дейінгі кезеңде тілдің үштұғырлылығын дамытудың педагогикалық шарттары» тақырыбындағы қалалық семинар болып отыр. Бұл семинар үстіміздегі жылдың мамыр айында қала балабақшалары арасында құрылған кәсіби қауымдастықтың жұмысы аясында өткізілмекші. Аталмыш шараға да ұжым мүшелері үлкен дайындық жүргізуде.

Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақ тілі үш тілдің біреуі болып қалмайды. Үш тілдің біріншісі, негізгісі, бастысы, маңыздысы бола

Білімді ұрпақ – ел болашағы

береді» -демекші, қазақ тілі тілдер тұғырының ең биігінде тұр. Бөбекжайымызда қарақөз қазақ баласының да, өзге ұлт баласының да мемлекеттік тілді жетік менгеруі басты назарға алынған. Бұл бөбекжайдағы оқу-тәрбие процесінде күнделікті көрініс табады. «Ан тілің – арың бұл, ұятың боп тұр бетте. Өзге ілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» деп, ақын Қадыр Мырза Әлі ағамыз айтқандай, балаларға әуелі өз ана тілімізді құрметтеп, оны ардақтап, аялп үйреніп, өзге тілдің бәрін үйренуге баулып келміз. Себебі қазақ баласы әуелі қазақы рухпен тныстап, ана тілінің нәрлі ұзына қанып, ұлттық рухани тәрбиенің қайнар бұлағынан сусындап өсуі керек. Алғашқы тәрбиені ана тілінде қабылдап, қазақы қасиетпен жетілген бала кейін қандай ортада жүріп, қанша тіл үйренсе де, өз тілін ұмытпайтын, ұлттық қасиетінен көз жазып адасып қалмайтын болады.

Ұлы ғұлама Әбу Насыр Әл-Фараби өмірінде 76 ұлттың тілі білсе, өр рухты дауыплас ақын Махамбет пен қазақтың бір туар ұлы Шоқан да



түлектеріміз елімізде және жаһандық әлемде өмір сүріп, жұмыс істеуі үшін қажетті деңгейде үш тілді менгеретін болады» -деп сенімділік танытты. Ал «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына жолдауында «Мемлекеттік тілді үйрету балабақшадан басталуы тиіс. Бұл - заман талабы» деп атап көрсеткендей, білім беру саласында, соның ішінде мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру ұйымдарында тілдің үштұғырлылығын қалыптастыру өзекті тақырыпқа айналды. Бұл жолда әр педагогтың алдында үнемі іздену, білімін жетілдіру, педагогикалық инновациялық технологиялармен, әдіс-тәсілдермен қарулану, оны дұрыс қолдана білу, жеке тұлғаның дамуы үшін ыңғайлы жағдай жасау міндеттері тұр.

«Приозерск қаласының «Балбөбек» бөбек-



бірнеше тіл білсе керек. Ұлы Абай орыс, қазақ тілдерімен қатар парсы, араб тілдерін менгерген. Қазақ тілі еш уақытта өзімен көршілес халықтың тілдерінің қатардан қалып өмір сүрмегендігі, өз сыбағасын ешкімге бермегендігі мыңдаған жыл тарихынан айқын. Адамзат тарихында көптеген өркениетті елдердің өшіп кетуі алдымен тілді жоғалтудан басталғанын ғылым дәлелдеп отыр. Міне, осы орайда ана тіліміз жайлы терең ойлану әрқайсымыз үшін парыз. Ал үштұғырлы тіл идеясын мынадай қарапайым әрі түсінікті формуламен жүзеге асырамыз: мемлекеттік тілді дамытамыз, орыс тілін қолдаймыз және ағылшын тілін үйренеміз!

Г.С. Рахаева,
«Приозерск қаласы «Балбөбек» бөбекжайы КМҚК директоры



Әйелдер күніне арналды

Казахстан туристический

... СЫЙЫНАР ЕМ «АНА» - ДЕГЕН ТӘЦІРГЕ !

Ана, Ана, Ана! Не деген мейірілі, не деген шапағатты сөз еді. Осынау үш әріптен құралған қасиетті сөздің түбінде ұлы сезім жатыр десенізі! Сезім мен қасиетті, бар махаббат пен шапағатты сыйдырып тұрған ұлы ана сезімін қадірлейтін жан бар ма екен өмірде?! Жақсылық атаулының барлығы да

№2 мектептің 10-сынып оқушылары көрермен ретінде шақырытылып, мерекелік думанның көркін қыздыра түсті.

Сондай-ақ, қалалық кітапхананың кітап өңдеу және толықтыру бөлімінің кітапханашысы, алтын алқа иегері, қырмызыдай құлпырған сүйкімді қыздардың аяулы анасы, әріптесіміз Джентинбаева Уляна Кинабқызы мерекелік кешіміздің сыйлы қонағы болып, өнерпаз өрендердің өнеріне тәнті болып қайтты.

Іс-шара барысында «Анасыз өмір - сөнген көмір» атты кітап көрмесі көпшілік назарына ұсынылып, тағалымды ойындар ойнатылып, аяулы аналар, ару қыздар жайлы өлеңдер оқылды. Уляна Кинабқызына оқырмандар тарапынан түрлі сауалдар қойылып, мазмұнды жауаптар алынды.



«Приозерск қалалық кітапханасы»
КММ

ананың сүтімен жаралған. 5-наурыз күні

«Приозерск қалалық кітапханасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 8-наурыз халықаралық аналар мерекесіне арналған мерекелік кеш өтті. Мерекелік кешке кітапханамыздың тұрақты оқырмандары, көркемөнерпаздар ұжымының белсенді ұл-қыздары төкпелете жыр оқып, әуелете ән шырқап, мың бұрала би билеп, әуезді домбыраның шаңағынан күй төгілте,



КАЗАХ ТУРИЗМ И РОСТУРИЗМ ДОГОВОРИЛИСЬ О СОТРУДНИЧЕСТВЕ

В рамках 25-ой Московской международной туристской выставки МИТТ 2018 состоялась церемония подписания меморандума о сотрудничестве между акционерным обществом "Национальная компания "Kazakh Tourism" и Федеральное агентство по туризму Министерства культуры Российской Федерации (Ростуризм).

Двусторонний документ был подписан сразу после открытия международной выставки руководителем Ростуризма Олегом Сафоновым и Заместителем Председателя Правления АО "НК "Kazakh Tourism" Кайратом Садвакасовым на стенде Казахстана.

«Для российских туристов Казахстан является очень интересным. Мы очень активно взаимодействуем в области туризма. Я сам родился в Казахстане - в столице Астане. Для меня подписание соглашения с Казахстаном является очень важным и значимым событием. У нас большой потенциал - нам нужно вместе его реализовать», — сказал Руководитель Федерального агентства по туризму (Ростуризм) Олег Сафонов.

Меморандум направлен на взаимовыгодное сотрудничество в области развития туризма двух стран, в частности, затрагивает вопросы совместного продвижения трансграничных туров между Казахстаном и Россией и участия в инвестпроектах.

Кроме того, стороны договорились о взаимодействии по вопросам проведения форума межрегионального сотрудничества Казахстана и России в г. Петропавловск в 2018 году. О проведении следующего фору-



ма именно на тему туризма было объявлено главами государств в прошлом году в Челябинске.

Таким образом, Казах туризм и Ростуризм намерены создать условия для развития туризма в регионе. Также, Kazakh Tourism заинтересован в изучении опыта российских коллег в сфере destination management. Выставка МИТТ 2018 проходила с 13 по 15 марта в г. Москва. Казахстан традиционно представил свой страновой стенд, основной темой которого стал приключенческий туризм — это активные виды туризма, как экотуры, горнолыжный туризм, пешие-, конные-, веломаршруты, рафтинг, парапланнинг, даунхилл, охота, рыбалка, орнитологические туры и многое другое.

Организатором национального стенда Казахстана на МИТТ стало АО «НК «Kazakh Tourism».

Пресс-центр Национальной компании "Kazakh Tourism"

Құрметті қала тұрғындары мен қонақтары!

Қарағанды облысының прокуратура органдарында прокуратура қызметкерлерінің сыбайлас-жемқорлық, басқа да құқық бұзушылықтар жасауларының алдын алу жұмыстары жүйелі негізде жүргізіледі.

Өзіңіз прокуратура қызметкерінің заңға қайшы әрекеттерінің, атап айтқанда, әдеп нормаларын бұзуының, қызметтік жағдайын асыра пайдаланудың куәсі немесе жәберленушісі болған жағдайда, **Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Ішкі тергеулер департаменті** өкілдеріне (Бондарев Алексей Евгеньевич – 8(7212)77-28-09, ұялы телефоны 8 (700) 301-77-07, Джанабергенов Құрмет Махамбетович – 8(7212)35-35-83, ұялы телефоны 8 (778) 955-22-81) хабарлауды сұраймыз.

Аты-жөніңіздің жарияланбайтынына кепіл береміз!!!

Уважаемые жители и гости города!

В органах прокуратуры Карагандинской области на системной основе проводится профилактика коррупционных и иных правонарушений среди сотрудников прокуратуры.

В случаях, если Вы стали свидетелем или жертвой противоправных действий сотрудников прокуратуры, в частности нарушения этических норм, коррупционных проявлений, либо служебным злоупотреблением, просим Вас информировать представителей **Департамента внутренних расследований Генеральной прокуратуры Республики Казахстан** (Бондарев Алексей Евгеньевич – 8(7212)77-28-09, мобильный телефон 8 (700) 301-77-07, Джанабергенов Курмет Махамбетович – 8(7212)35-35-83, мобильный телефон 8 (778) 955-22-81).

Анонимность и конфиденциальность гарантируется!!!

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР МІНДЕТТІ ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ТУРАЛЫ НЕ БІЛУ КЕРЕК?

СІЗ ӨЗ ДЕНСАУЛЫҒЫҢЫЗДЫ САҚТАНДЫРДЫҢЫЗ БА?

Сақтандырылған қазақстандықтарға:

- ✓ Амбулаториялық-емханалық көмек: емханадағы емдеу; дәрігерлердің қабылдауы; зертханалық қызметтер; диагностика және манипуляциялар;
- ✓ Стационарлық көмек - жоспарлы тәртіпте ауруханаларда емдеу;
- ✓ Стационар алмастырушы көмек - күндізгі стационарда ем қабылдау; Жоғары технологиялық медициналық қызметтер - күрделі және бірегей медициналық технологияларды пайдалану арқылы орындалатын медициналық көмек;
- ✓ Дәрімен қамтамасыз ету - амбулаториялық-емханалық көмек көрсету кезінде;
- ✓ Мейіргерлік күтім - басынан кешкен аурудың салдарынан өз-өзіне қызмет көрсетуге мүмкіндігі жоқ, бөгде адамдардың тұрақты күтімін немесе қарауын қажет ететін адамдар;
- ✓ Паллиативті көмек - емдеуге келмейтін, өміріне қауіпті және ағымы ауыр аурулары бар пациенттердің өмір сүру сапасын адам үшін мүмкін болатын ең жоғары қолайлы деңгейде қолдау.

Қазақстанда міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру 2018 жылдың қаңтарынан бастап енгізіледі.

Барлық азаматтарға:

- ✓ Жедел жәрдем және санитариялық көмек;
- ✓ Әлеуметтік маңызы бар аурулар және жедел жағдайлар кезіндегі медициналық көмек;
- ✓ Профилактикалық егулер;
- ✓ Амбулаториялық-дәрілік қамтамасыз ету арқылы амбулаториялық-емханалық көмек (2020 жылға дейін).

Сақтандырылмаған азаматтарға:

- ✓ Жедел жәрдем және санитариялық көмек;
- ✓ Әлеуметтік маңызы бар аурулар (онкологиялық аурулар, туберкулез, қант диабеті және т.б.) және жедел жағдайлар кезіндегі медициналық көмек;
- ✓ Профилактикалық егулер.

МІНДЕТТІ ӘЛЕУМЕТТІК САҚТАНДЫРУ ТУРАЛЫ ТОЛЫҚ МӘЛІМЕТ АЛУ ҮШІН CALL-ОРТАЛЫҒЫНА ХАБАРЛАСА АЛАСЫЗДАР.
БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫ: 8(7242) 40-00-01



ОБЪЯВЛЕНИЕ

Уважаемые жители города Приозерск!

ТОО Балхаш Газ уведомляет вас о том, что сжиженный газ имеется в наличии и неограниченном количестве!

Режим работы:
ежедневно, с 09.00 до 17.00.
в субботу с 09.00 до 14.00.

**Без перерыва
Приглашаем вас
воспользоваться нашими
услугами!**

ТОО Балхаш Газ

ПАРИКМАХЕРСКАЯ «МИЛОЛИКА»

Приглашает жителей города и его гостей воспользоваться услугами мастеров парикмахеров и маникюра.
Наш адрес: ул.Космонавтов, д.5 -107
Время работы: 10.00.-19.00.
Возможна предварительная запись.

Собственник: ИП Бухарбаева А.А.
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан
Свидетельство о постановке на учет СМН № 15037-Г от 26.12.2014г.
Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул.Космонавтов, д.5-107.
Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор),
+7-702-604-02-60 (тех. редактор)
E-mail: prz_westnik@mail.ru **Веб-сайт:** www.prio-vestnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда,
ул. Сатпаева 15. Заказ № 11/551. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л.,
формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.
Технический редактор: Струментов А.В.
Для подачи частных объявлений и рекламы
обращаться по тел: +7-705-466-60-63
Корреспонденция принимается на электронный
адрес: prz_westnik@mail.ru

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области.
Подписной индекс - 65041

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.